

Есбол орта мектебі бойынша
Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы
№1 хаттамасы

Өткізілген күні: «10» тамыз 2022 ж.

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңес мүшелері.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1.ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген 27.06 2017ж.

№ 355. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың типтік ережелерін зерделеу

2.Қамқоршылық кеңестің төрағасын, хатшысын сайлау

3.«Мектепке жол» акциясына қатысу

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директордың міндетін атқарушы А.Иманкулова сөз алып, жиналысқа қатысушыларды "Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ережемен таныстырып өтті. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 123 бұйрығы)

Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік , бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды.

I. Жалпы Ереже

1.1. Есбол орта мектебі мемлекеттік коммуналдық мекемесі Қамқоршылық кеңесі (бұдан әрі – Қамқоршылық кеңес) білім беру ұйымының алқалық басқару формаларының бірі болып табылады.

1.2. Қамқоршылық кеңес мектеп әкімшілігімен, жергілікті атқару органдарымен, басқа да қызығушылық танытқан ұйымдармен серіктесе отырып жұмыс істейді.

1.3. Қамқоршылық кеңесі құрылтайшы мен сол білім беру ұйымында білім алушылардың ата-аналарының бастамаларымен құрылуы мүмкін.

1.4. Қамқоршылық кеңес өз жұмысында Қазақстан Республикасының Заңнамаларын, «Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қазандағы N 501 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 22 желтоқсанындағы №715 бұйрығын, білім беру ұйымының Жарғысын басшылыққа алады.

1.5. Қамқоршылық кеңестерінің мүшелері өз жұмысын ақысыз негізде орындайды.

1.1. Білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің мәртебесі болады (ҚК мәртебесін нақты көрсетіп жазу қажет):

1. Заңды тұлға ретінде құрылмаған алқалық басқару органы, оның қызметі қалалық, аудандық білім бөлімдерінің бұйрығымен реттеледі.

2. Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген, заңды тұлға мәртебесі бар алқалық басқару органдары.

1.7. Қамқоршылық кеңесі өз жұмысын тоқтатады:

1.7.1. құрылтайшының бастамасы бойынша;

1.7.2. қамқоршылық кеңесінің бастамасы бойынша;

1.7.3. білім беру ұйымын қайта құру және тарату мәселелері орын алған жағдайда.

2. Қамқоршылық кеңесінің мақсаттары мен міндеттері

2.1. Қамқоршылық кеңесінің негізгі мақсаты - Жарғыға сәйкес білім беру ұйымының миссиясын, міндеттерін, стратегиясын анықтау және алдыға жылжыту.

2.2. Қамқоршылық кеңесінің негізгі міндеттері болып табылады:

2.2.1. білім беру ұйымына білім беру үдерісін ұйымдастырудың тиімді жағдайлары мен шарттарын жасауға жәрдемдесу;

2.2.2. білім беру ұйымында оқуға, білім алуға, еңбек етуге қолайлы жағдайларды жасау және нығайту;

2.2.3. оқушылардың денсаулығына жағымды әсер ететін спорттық, сауықтыру, медициналық жағдайларды жасау және нығайту.

3. Қамқоршылық кеңесінің құзыреттіліктері

4.1. Қамқоршылық кеңесі білім беретін ұйымның жарғысымен қарастырылған өкілеттіктері бар және келесі қызметтерді атқарады:

4.1.1. Жарғыны өзгертуге (немесе) толықтыруға қатысады;

4.1.2. Білім беру ұйымының директорлығы лауазымына кандидаттарды сайлау процедурасына қатысады.

4.4. Келесі қызметтерді жүзеге асырады:

4.2.1. жылына 1 рет білім беру ұйымы басшысының жыл сайынғы білім беру ұйымының қызметі туралы есебін тыңдайды;

4.2.2. жылына 1 рет білім беру ұйымының даму стратегиясының орындалысын қарайды;

4.2.3. білім беру ұйымы әкімшілігінің тиімді жұмыс істеуін қолдайды.

4.3. Білім алушылардың сабақ режимі және тәртібі туралы шешімдер шығаруға қатысады.

4.4. Кеңес өзінің жасап жатқан қызметі, қабылдаған шешімдері туралы білім беру үдерісіне қатысушыларын үнемі ақпараттандырып отырады (есептерді, отырыстар хаттамаларын жариялап отырады);

4.5. Білім беру ұйымының даму бағдарламасын бекітуге қатысады және оқу қаржылық жыл қорытындысы бойынша ұйым басшысының жыл сайынғы есебін бекітуге қатысады, білім беру ұйымының жыл соңындағы көпшілік алдындағы баяндамасын бекітеді.

4.6. Типтік оқу жоспарының (МББС, 23.08.2012 жылғы бұйрық №10802, қосымша өзгерістер мен толықтырулар 25.04.2015 жылы №327 бұйрық негізінде енгізілген) оқушы компонентіндегі оқу жүктемесі көлемінде еңбек практикасын өткізуге, қоғамдық пайдалы еңбекті ұйымдастыруға қатысады.

4.7. Қамқоршылық кеңесі шешімдерін жүзеге асыру туралы білім беру ұйымы әкімшілігінің есептерін тыңдайды.

4.8. Қамқоршылық кеңесінің құзыреттілігіне кіретін басқа да сұрақтарды қарайды.

4. Қамқоршылық кеңесінің іс қағаздары

5.1. ҚК отырысы хаттамаланады. Отырысты қосымша стенографиялау, дыбыс- және бейнетаспаға түсірілуі мүмкін. Кеңес хаттамасы жалпы формада (ұйымның атауы,

БАО атауы, отырыстың датасы, өткен орны мен уақыты, қатысушылар тізімі, күн тәртібі, талқылаулар мазмұны, дауыс беру нәтижесі мен қабылданған шешімдер, кол кою) жүргізіледі.

5.2. Кеңес хатшысы Кеңес отырыстары Кітабына хаттамаларды жазады. Әр хаттамаға Кеңес төрағасының және хатшының қолы қойылады.

5.3. Кеңес хатшысында хаттамалар Кітабы сақталады. Хаттамалардың нөмірі оқу жылының басынан бастап қойылады. Кеңес отырыстары Кітабының әр бері нөмірленеді және білім беру ұйымының басшысының қолымен бекітіліп, білім беру ұйымының мөрі қойылады.

2.мәселе бойынша сөз алған қамқоршылық кеңес комитетінің төрағасы М.Жакиев Қамқоршылық кеңес құрамына кімдер ену керектігіне, олардың функционалдық міндеттеріне тоқталып өтті.

3. Білім беру ұйымы қамқоршылық кеңесінің құрамы

3.1. Қамқоршылық кеңесінің құрамына кіреді:

- облыстық, қалалық және жәргілікті мекенге байланысты аудандық мәслихаттардың депутаттары;
- қоғамдық бірлестіктердің, мемлекеттік емес ұйымдардың, қорлардың, ассоциациялардың, әлеуметтік серіктестердің өкілдері;
- ата-аналар қауымдастығы;
- білім беру ұйымы кәсіподақ комитетінің мүшесі;
- білім беру қызметкерлері.

Қамқоршылық кеңес құрамына кәсіби немесе қоғамдық қызметі, білімі, тәжірибесі мен мүмкіндіктері мектептің дамуы мен қызмет етуіне ықпалын тигізе алатын азаматтар ене алады. (ҚК қосымша мүшелері).

3.2. Қамқоршылық кеңесінің сандық құрамы-7-9 адам. Қамқоршылық кеңесінің құрамында білім беру ұйымы қызметкерлерінің саны ұжым санының $\frac{1}{4}$ -нен, ата-аналар комитетінен өкілдер саны Қамқоршылық кеңесінің жалпы санынан $\frac{1}{3}$ –нен аспайтын санда болу қажет.

3.3. ҚК төрағасы қамқоршылық кеңесі отырысында сайланады және басшылық етеді. Қамқоршылық кеңесінің төрағалығына білім беру ұйымының педагогтері және кеңес мүшелері құрамынан тұлғалар сайланбайды.

Жиналысқа қатысушылардың ортақ ұсынысымен төмендегі тұлғалар Қамқоршылық кеңестің мүшесі болуға ұсынылды. Яғни былтырғы оқу жылында бекітілген төраға және кеңес мүшелері қалатын болды.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: **М.Жакиев**

Хатшы: А.Төреғалиева

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

- 1. А.Байғалиева**
- 2. Г.Юсупова**
- 3. А.Калиева**
- 4. Г.Нуримова**
- 5. Т.Сейтказиев**
- 6. З.Бопылдықова**

3 мәселе бойынша әлеуметтік педагог А.Төреғалиева таныстырды және мәселе бойынша сөз бастады. Ата-аналар,сынып жетекшілер аудандық білім бөлімінің жылдық жоспарына сәйкес 2022-2023 оқу жылында «Мектепке жол» республикалық акциясын ұйымдастыру әлеуметтік себептермен мектепке келмей

қалудың алдын алу, 6-17 жас аралығындағы балаларға орта білім беруді қамтамасыз ету, жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын жүргізу, аз қамтамасыз етілген отбасы балалары мен көп балалы отбасылардан және жетім ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға қолдау көрсету мақсатында білім беру мекемелерінде 2022 жылдың 1 тамыз 30 қыркүйек аралығында өткізіледі. Мұхтаж балаларға материалдық көмек көрсету үшін мәслихаттармен, әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерімен, жеке кәсіпкерлермен ынтымақтастықты ұйымдастырылады. Әлеуметтік көмекке мұхтаж балаларға қайырымдылық көмек көрсету үшін киім, аяқ киім, мектеп керек-жарақтарын, тамақ өнімдерін қабылдау жұмыстары жүргізіледі. Сол себепті әлеуметтік көмекке мұхтаж балаларға көмек қолымызды созып демеуші болайық деп сөзін аяқтады.

Кенес мүшелері белгіленген мәселелер бойынша сөйлегендерді тыңдап, мәліметтерді саралай отырып, ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Мектептің жаңа жылдық безендіру жұмыстарына «Қамқоршылық кеңес» мүшелері бір ауыздан көмек көрсетуге шешім қабылданды.
2. Қамқоршылық кеңес құрамын ұсынылған тұлғалар кеңес мүшелігіне сайлансын.
3. “Мектепке жол” акциясы бойынша әлеуметті осал топ отбасы оқушыларына көмек көрсетілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы

Хатшы




М. Жакиев

А. Төреғалиева